

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ОБЛЫСТЫҚ ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ
СТАНЦИЯСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 1

28.03.2025

Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы заңнама талаптарыне сақтай мәселелері бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының басшысы Б.Мырзагелдиев төрағалық етіп, басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі қызметкерлері.

Күн тәртібіндегі мәселе:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыбы:Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ),ҚР Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ), (Қылмыстық кодекстің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (214 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ) (Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру).

Төрағалық етуші басшы Б.Мырзагелдиев жиналысты ашық деп жариялап, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңдарын түсіндіру үшін комплаенс офицері Д.Туленовқа сөз берді.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының комплаенс офицері Д.Туленов өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ) заңының 1 тарау 1-5 баптарын, 2 тарау 6-17 баптарына, 3 тарау 18-24 баптарына және 4 тарау 25-27 баптарын толықтай тоқтала отырып түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен бірге ҚР Қылмыстық кодексіне сай сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Қылмыстық кодекстің 189, 190, 218, 234, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарында көзделген.

Атап айтқанда:189 бап.сеніп тапсырған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе талан таражға салу; 190-бап. Алаяқтық; 218- бап. Қылмыстық жолмен алған ақшаны не өзге мүлікті заңдастыру; 234-бап. Экономикалық контрбанда; 249-бап. Рейдерлік; 361-бап.Лауазымдық өкілеттіліктерді теріс пайдалану; 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіліктерді асыра пайдалану; 364-бап.Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу; 365- бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау; 366-бап. Пара алу; 367-бап. Пара беру; 368- бап. Паракорлыққа делдал болу; 369-

бап. Қызметтік жалғандық жасау; 370-бап.Қызметтегі әрекетсіздік; 450- бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап. Билікті асыра пайдалану; 452-бап.Биліктің әрекетсіздік туралы баптарды таныстырды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ) Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар.

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

1. Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы –

осы ұйымдардың басшыларына алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қабылдамауы не көрсетілген шараларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жұмысқа қабылдауы, сондай-ақ олардың одан әрі жұмыс істеуіне жол беруі –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың барлық басшы орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлер, дәрігерлер, аға фельдшерлері мен фельдшерлер тікелей жауапкершілігімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-заңын басшылыққа ала отырып басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзірет шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы көзделгені туралы айтып, таныстырылды.

Қызметкерлерге сұрақтар беріліп, оның барлығына толықтай жауап қайтарылды.

Мәжіліс төрағасы :



Б.Мырзагелдиев

Хатшы:



Н.Абдулла